

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын
реттеу және дамыту агенттігі

Қор нарығын дамыту жөніндегі есеп



2020 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша

Алматы, Қазақстан

Мазмұны

1. Қазақстанның қор нарығын капиталдандыру.....	5
2. Қор нарығының инфрақұрылымы	7
2.1. Қор биржасы	7
2.2. Орталық депозитарий	8
2.3. Орталық контрагент	10
3. Қор нарығындағы ұсыныс	13
3.1. МБҚ нарығы	13
3.2. Акциялар нарығы.....	15
3.3. Облигациялар нарығы	18
4. Қор нарығындағы сұраныс	21
4.1. БЖЗҚ	21
4.2. Екінші деңгейдегі банктер	21
4.3. Сақтандыру ұйымдары	22
4.4. Инвестициялық қорлар	23
4.5. Бөлшек инвесторлар	24
5. Қор нарығын реттеу	26

Суреттер тізімі

1-сурет. KASE-ні капиталдандыру	5
2-сурет. Акциялар нарығын капиталдандыру ІЖӨ-ге қатысты.....	6
3-сурет. МБҚ сауда-саттығының көлемі.....	14
4-сурет. МБҚ мерзімдер бойынша шығарылымдарының құрылымы.....	15
5-сурет. МБҚ нарығындағы инвесторлардың құрылымы.....	15
6-сурет. Акциялар эмитенттерінің құрылымы.....	16
7-сурет. Акциялар нарығындағы инвесторлардың құрылымы	16
8-сурет. Қайталама нарықтағы акциялар сауда-саттығының көлемі	17
9-сурет. Облигациялар эмитенттерінің құрылымы	18
10-сурет. Облигациялар нарығындағы инвесторлардың құрылымы	18
11-сурет. Корпоративтік облигациялар сауда-саттығының көлемі	19
12-сурет. 01.01.2014ж. жағдай бойынша ЖЗҚ-дың инвестициялық портфелі	21
13-сурет. 01.07.2020ж. жағдай бойынша БЖЗҚ-ның инвестициялық портфелі	21
14-сурет. 01.01.2014ж. жағдай бойынша ЕДБ-нің инвестициялық портфелі.....	22
15-сурет. 01.07.2020ж. жағдай бойынша ЕДБ-нің инвестициялық портфелі.....	22
16-сурет. 01.01.2014ж. жағдай бойынша СҰ-ның инвестициялық портфелі	23
17-сурет. 01.07.2020ж. жағдай бойынша СҰ-ның инвестициялық портфелі	23
18-сурет. 01.01.2014ж. жағдай бойынша ИҚ-ның инвестициялық портфелі	24
19-сурет. 01.07.2020ж. жағдай бойынша ИҚ-ның инвестициялық портфелі	24
20-сурет. Орталық депозитарийде инвесторларға ашылған сауда шоттарының саны	25


Қысқартулар мен аббревиатуралар тізімі

АХҚО	Астана халықаралық қаржы орталығы
ӘҚТК	Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс
БЖЗҚ	Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры
БҚНҚ	Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
ДЭФ/ЖБИ	Дүниежүзілік экономикалық форумның жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі
ЕДБ	Екінші деңгейдегі банктер
ЕҚДБ	Еуропа қайта құру және даму банкі
ЖДҚ	Жаһандық депозитарлық қолхаттар
МБҚ	Мемлекеттік бағалы қағаздар
ҚМГ	«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ
ҚНРДА	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі
ҚР	Қазақстан Республикасы
ҚР Қаржымині	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
ҚРҰБ	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
ҚТЖ	«Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ
Орталық депозитарий	«Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ
СҰ	Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары
ХҚҰ	Халықаралық қаржы ұйымдары
ШЭ	Шетелдік эмитенттер
ІЖӨ	Ішкі жалпы өнім
ЭЫДҰ	Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
AIX	Astana International Exchange
ETF / ETN	Exchange traded funds / Exchange-traded notes
FTSE	Financial Times Stock Exchange
IOSCO	International organization of securities commissions
ISIN	International Securities Identification Number
KASE	«Қазақстан қор биржасы» АҚ
MOEX	Мәскеу биржасы

1. Қазақстанның қор нарығын капиталдандыру

2020 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша KASE қор нарығын жиынтық капиталдандыру шамамен **32 трлн** теңге немесе ІЖӨ-нің **46%-ы** болды (1-сурет), оның ішінде акциялар нарығын капиталдандыруға – **17,7 трлн** теңге, ал айналыстағы корпоративтік борыш көлеміне – **14,3 трлн** теңге тиесілі.

1-сурет. KASE-ні капиталдандыру



2014 жылдан бері KASE капиталдандырудың өсуі акциялар нарығының **4 есе** дерлік өсу есебінен де, облигациялар нарығының **2 есе** өсуінің есебінен де ұлғайып, **286%-ды** құрады. Өсу KASE-нің ресми тізімінде акциялардың 79 шығарылымнан 138 шығарылымға дейін, облигациялардың 75 шығарылымнан 261 шығарылымға дейін ұлғаюымен және олардың құнының өсуімен байланысты болды. AIX акциялары нарығының капиталдандырылуы шамамен **6,9 трлн** теңгені¹ құрады.

Аталған көрсеткіштен бойынша Дүниежүзілік Банктің статистикасына сәйкес 2019 жылы **Қазақстан Орталық Еуропа және Балтық жағалауы елдері мен Түркияның** арасындағы деңгейде (2-сурет).


ДЭФ/ЖБИ 2019 жылғы есебіне сәйкес KASE-нің ІЖӨ-ге қатысты нарықтық капиталдандыру мөлшері бойынша Қазақстан **141** елдің ішінде **68-ші** орында, бұл Қазақстан қаржы секторының басқа секторлары бойынша салыстырмалы көрсеткіштерден (мысалы, «Жеке секторға берілген кредиттер ІЖӨ-ге қатысты» (93-орын) немесе «Сақтандыру сыйлықақылары ІЖӨ-ге қатысты» (113-орын) көрсеткіші бойынша) әлдеқайда жоғары.

Дүниежүзілік биржалар федерациясының рэнкингінде алдын ала қорытынды бойынша 2020 жылғы мамырда KASE Дүниежүзілік биржалар федерациясының мүшелері – барлық қор биржаларының ішінде нарықтық капиталдандыру мөлшері бойынша **47-орында**.

¹ KASE және AIX акциялар нарығын капиталдандыруды қосуға болмайды, себебі капиталдандыруды есептеуге негіз болатын акциялардың екі биржада екі листингі бар

AIX бойынша ақпарат қолжетімсіз, себебі бүгінгі күнгі жағдай бойынша АХҚО биржасы Дүниежүзілік биржалар федерациясының мүшесі **болып табылмайды**.

2-сурет. Акциялар нарығын капиталдандыру ІЖӨ-ге қатысты, %-бен



Нарықтық капиталдандыру көрсеткіші бойынша Қазақстанның халықаралық рэнкингтердегі позицияларын одан әрі жақсарту көбіне бағалы қағаздардың ішкі нарығында жаңа IPO өткізу есебінен не нарықтық капиталдандыруды және қор биржасының листингіндегі компаниялар құнын өсіру есебінен қамтамасыз етілуі мүмкін.

2. Қор нарығының инфрақұрылымы

Өткен жылдары бағалы қағаздар нарығын реттеу жөніндегі уәкілетті органдар нарыққа қатысушылармен бірлесіп жетекші халықаралық стандарттарға сәйкес келетін және **сауда және пост-трейдингтік қызметтердің толық циклын** көрсетуді қамтамасыз ететін **толыққанды реттеу ортасын және қор нарығының инфрақұрылымын** қалыптастырып, жұмыс істеп отыр.

Қазіргі уақытта бағалы қағаздар нарығында:

- 1) сауда-саттық және клиринг жүргізуге жауап беретін қор биржасы (KASE);
- 2) бағалы қағаздарды есепке алудың бірыңғай жүйесін және олармен есеп айырысуды, сондай-ақ бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін орталықтандырып жүргізуді қамтамасыз ететін орталық депозитарий;
- 3) қор биржасының сауда жүйесіндегі айналысқа жіберілген барлық қаржы құралдары бойынша мәмілелердің аяқталуына кепілдік беретін орталық контрагент (KASE базасында);
- 4) ұйымдастырылмаған нарықта туынды қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша ақпаратты жинауға және өңдеуге жауап беретін сауда репозитарийі (орталық депозитарий базасында);
- 5) **37** брокерлік және (немесе) дилерлік ұйым (оның 18-ы ЕДБ болып табылады);
- 6) активтерді басқару жөніндегі **19** компания, 55 инвестициялық қордың активтерін басқарушылар;
- 7) шетелдік банктердің еншілес ұйымдарын қоса алғанда, **9** банк кастодиан жұмыс істейді.

2.1. Қор биржасы

Бүгінгі күні KASE Қазақстанда қор, ақша және валюта нарықтарына, сондай-ақ туынды қаржы құралдарының нарығына қызмет көрсететін әмбебап биржа болып табылады. KASE – әлемдік биржа қоғамдастығында танылған ұйым. Дәл осы KASE алаңы **FTSE және S&P жаһандық нарықтық рейтингтерінде** Қазақстанды көрсету кезінде ескеріледі (AIX FTSE-ге танылған қор биржасы ретінде 2020 жылғы тамызда ғана енгізілді). Отандық қор нарығын дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асырудың және KASE-нің күш-жігерінің арқасында Қазақстан қор биржасы 2017 жылдан бері MSCI, FTSE және S&P индекстерінің халықаралық қызметтері **«Frontier Markets»** (Шекаралас нарықтар) ретінде жіктелуде.

KASE **Дүниежүзілік биржалар федерациясының (WFE), Еуроазия биржалар федерациясының (FEAS), ТМД елдері биржаларының халықаралық қауымдастығының (ТМД ХБҚ) толыққанды мүшесі** болып табылады және оларда Қазақстанның қор нарығын білдіреді.

Дүниежүзілік биржалар федерациясының деректері бойынша 2020 жылғы мамырда KASE акцияларды нарықтық капиталдандыру бойынша **47-орында**, KASE-нің ресми тізіміндегі эмитенттер саны бойынша **28-орында** және акциялардың айналымдылығы коэффициенті бойынша **27-орында**.

Сонымен бірге KASE Қазақстанның ірі компанияларының 8 акциясының өкілдік тізімінен тұратын еліміздің жалғыз қор индексін – KASE индексін қалыптастырады және есебін жүзеге асырады.

2016 жылдан бастап 2019 жылдың аралығындағы соңғы төрт жылда KASE мынадай стратегиялық маңызы бар жобаларды іске асырды:

- жоғары өнімділік, сенімділік, жылдам әрекет ету және икемділік, ден қою жылдамдығы бөлігінде нарыққа қатысушылардың талаптарына жауап беретін MOEX технологияларын сатып алу есебінен сауда-клирингтік жүйелерді кезең-кезеңімен **жаңғырту**;

- валюта және қор нарықтарында, сондай-ақ деривативтер нарығында **орталық контрагент** институтын енгізу, бұл нарықтың толыққанды инфрақұрылымының бар екенін, есептеулердің аяқталатынына кепілдікті және нарыққа қатысушыларды дефолттардан қорғауды қамтамасыз етеді және экономикадағы соңғы оқиғаларға байланысты неғұрлым өзекті болып табылады;

- «Start-up-тан Blue chips-ке дейін» тұжырымдамасын іске асыру, бұл түрлі мөлшердегі, меншік нысанындағы және даму деңгейіндегі компанияларға қор нарығының құралдары арқылы үлестік және борыштық қаржыландыруды тартуды қамтамасыз етеді;

- халықаралық практикада қабылданған T+2 есеп айрысу жүйесін қолдана отырып KASE нарығында бағалы қағаздардың мультивалюталық баға белгіленімін енгізу;

- қаржы тарту және активтерді басқару мақсатында қор нарығының құралдарын қолдану мәселелері бойынша халықтың хабардар болу және сауаттылығын арттыру бойынша іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

- отандық қор нарығында халықаралық практикалар мен стандарттарды, оның ішінде **ESG** өлшемшарттары бойынша және БҰҰ-ның **«Орнықты қор биржалары»** бастамасына KASE-нің қосылуына байланысты корпоративтік басқару мәселелері бойынша ақпаратты жария ету стандарттарын ілгерілету.

Келесі екі жылда KASE-нің күш-жігерін дербес заңды тұлға ретінде орталық контрагент құру жөніндегі іс-шараларды іске асыруға шоғырландыру болжанады, себебі ол қор биржасы мен орталық контрагентке тән тәуекелдерді әртараптандыру, ҚР Қаржыминінің МБҚ бойынша KASE мен MOEX арасында сауда-клиринг байланысын орнату, теңге/рубль валюталық жұбының саудасын жандандыру, сондай-ақ Қазақстан нарығына Ресей және Қытай қатысушыларын тарту, айла-шарғы белгілері бар мәмілелерге мониторингті онлайн режимде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жаңа қадағалау жүйесін иелену және бөлшек инвесторларды оқыту және тарту жөніндегі іс-шаралар өткізуді жалғастыру мақсатында жетекші халықаралық практика талап етеді.

2.2. Орталық депозитарий

Орталық депозитарий Қазақстанның аумағындағы бағалы қағаздар ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін және депозитарлық қызметті (жоғарғы деңгейдегі номиналды ұстау) жүргізуді жүзеге асыратын **жалғыз ұйым** болып табылады.

Бағалы қағаздарды есепке алу және оларға құқықтарды растау бойынша жалғыз әкімшінің болуы **республика бойынша меншікті бағалы қағаздарды туралы жалғыз дерекқорды** қалыптастыруға мүмкіндік береді, бағалы қағаздар ұстаушыларға және әлеуетті инвесторларға ұсынылатын қаржылық көрсетілетін қызметтер мен өнімдердің желісін кеңейтеді, бағалы қағаздарға құқықтарды есепке алу және олармен жасалған мәмілелерді тіркеу қызметтері бойынша тарифтерді төмендету есебінен **клиенттердің шығасыларын қысқартады**, бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу **рәсімін жеңілдетеді**, сондай-ақ ұйымдаспаған бағалы қағаздар нарығындағы мәмілелерді **тіркеу уақытын қысқартады**.

Қазіргі кезде Орталық депозитарий мынадай халықаралық ұйымдардың **толыққанды мүшесі** болып табылады:

- 1) **Еуропа** орталық депозитарийлерінің **қауымдастығы** (European Central Securities Depositories Association - ECSDA);
- 2) **Азия-Тынық мұхит** орталық депозитарийлерінің қауымдастығы;
- 3) **Еуразия** орталық депозитарийлерінің қауымдастығы (АЦДЕ);
- 4) Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялардың халықаралық ұйымы (**IOSCO**).

Сонымен қатар, 2010 жылдан бастап Орталық депозитарий Қазақстанның атынан Ұлттық нөмірлеу агенттіктері қауымдастығының толық мүшесі және Қазақстандағы бағалы қағаздарға және өзге қаржы құралдарына ISIN халықаралық сәйкестендіру кодтарын беретін **жалғыз уәкілетті ұйым** болып табылады.

Қазіргі кездегі жағдай бойынша Орталық депозитарий **Clearstream Banking халықаралық депозитариймен**, Ресей Федерациясының Ұлттық есеп айырысу депозитарийімен, Беларусь Республикасының, Қырғызстан Республикасының, Армения Республикасының орталық депозитарийлерімен екіжақты корреспонденттік қатынастар орнатты.

Депозитарийаралық байланыстар болуының халықаралық немесе шетелдік депозитарийлерде шоттары бар шетелдік инвесторларға Қазақстан Республикасы резиденттерінің бағалы қағаздарын брокерлік ұйымдарда немесе кастодиан банктерде қосымша шоттар ашпай тікелей сатып алуға мүмкіндік беретінін атап өту қажет.

Сондай-ақ, Орталық депозитарий тікелей немесе жанама (жергілікті кастодиан банктер арқылы) 46 шетелдік қаржы ұйымын білдіреді, олардың ішінде Citigroup, Morgan Stanley, Goldman Sachs, Credit Suisse, J.P. Morgan, UBS, HSBC, BNP Paribas, The Bank of New York Mellon тобы және т.с.с. бар.

Орталық депозитарий қор нарығының инфрақұрылымдық ұйымы ретінде барлық негізгі халықаралық стандарттарға сәйкес келеді және Thomas Murray халықаралық агенттігі өткізетін жүйелі аудиттен өтеді. Thomas Murray агенттігінің соңғы бағалауының нәтижесі бойынша Орталық депозитарийге «А+» жоғары рейтингі берілді, бұл тәуекелдің төменгі деңгейіне сәйкес келеді.

2016 жылдан бастап Орталық депозитарий көрсетілетін қызметтерді ауқымды цифрлауды жүзеге асыруда. Қазіргі кезде депозитарлық қызметтің және туынды құралдармен жасалған мәмілелердің тізімін жүргізу жөніндегі қызметтің шеңберіндегі барлық қызмет Орталық депозитарийдің клиенттеріне электрондық түрде беріледі.

«Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 2019 жылғы 1 шілдеден бастап Орталық депозитарийдің базасында биржадан тыс бағалы қағаздар нарығының ықпалдастырылған ақпараттық жүйесін іске қосу үшін құқықтық алаң құрылды, ол нарықтың қатысушыларына бағалы қағаздардың баға белгілерімен алмасуға және ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында мәмілелер жасауға мүмкіндік берген болар еді. 2019 жылғы желтоқсанда осы жүйені Орталық депозитарий пайдалануға енгізді.

Сондай-ақ 2019 жылы Орталық депозитарий эмитенттер мен қаржы құралдарын ұстаушыларға тіркеу қызметтерін электрондық тәсілмен ұсыну үшін веб-қосымшаларды іске асырды. Веб-қосымша барлық ақпараттық операциялар және дербес шоттар шеңберінде операциялар жүргізуге байланысты қызметтері (қаржы құралдарын аударуды тіркеу, қаржы құралдарын сатып алуды/сатуды тіркеу, бағалы қағаздарды бастапқы орналастыруды тіркеу, есеп құжаттарын беру және т.с.с.) бойынша есеп құжаттарын алуға мүмкіндік береді.

Орта мерзімді кезеңде Орталық депозитарийді дамыту жергілікті орталық депозитарийден қызметтің ауқымды тізбесін және инвесторлар мен эмитенттер үшін платформалар ұсынатын, Қазақстанның қор нарығын дамудың сапалы жаңа деңгейіне шығаруға мүмкіндік беретін өңірлік есепке алу-есеп айырысу хабына өзгертуге шоғырланады (барынша толық ақпарат 6-бөлімде келтірілген).

2.3. Орталық контрагент

Орталық контрагент бұл ең алдымен қаржы нарығының бүкіл инфрақұрылымдық ұйымы, ол контрагенттің кредиттік тәуекелдін, яғни қаржы нарығы қатысушысының ақшаны немесе қаржы активін жеткізу жөніндегі міндеттемелерінің орындалмау тәуекелін өзі көтереді. Орталық контрагент мәміле бойынша тараптар арасындағы делдал: сатып алушы үшін сатушы және сатушы үшін сатып алушы ретінде іс-әрекет жасайды. Нәтижесінде сатып алушы мен сатушы арасындағы шарттық қатынастарды орталық контрагентпен ұқсас шарттық міндеттемелерге ауыстыру жүргізіледі.

Қаржы нарығының инфрақұрылымдарының жұмыс істеуінің халықаралық қағидаттарына сәйкес орталық контрагент жұмыс істейтін нарықтарда мәмілелерді көпжақты өзара есепке алу және барлық қатысушылар үшін тәуекелдерді бақылаудың неғұрлым тиімді құралдарын белгілеу арқылы қатысушылар үшін кредиттік тәуекелдерді төмендету, сондай-ақ орталық контрагент қызмет көрсететін нарықтарда жүйелік тәуекелдерді төмендету қамтамасыз етіледі.

Нарықта орталық контрагенттің болуының негізгі артықшылықтары мыналар болып табылады:

1) сауда-саттыққа әрбір адал қатысушының алдындағы міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру;

2) қатысушыда контрагенттің мәміле бойынша тәуекелдерін дербес бағалау қажеттілігінің болмауы және нәтижесінде бір контрагентпен – орталық контрагентпен мәмілелер жасау есебінен жүктемені төмендету;

3) сауда-саттыққа қатысушылардың маржалық қамтамасыз ету жүйесінің есебінен өз активтерін пайдаланудың тиімділігін арттыру;

4) қатысушылардың және мәмілелердің санының көп болуы есебінен қаржы құралдары өтімділігінің ұлғаюы, сондай-ақ нәтижесі ретінде қаржы құралдарын сатып алу және сату спрэдтерінің төмендеуі.

Блумберг және Clearstream компанияларының жәрдем беруімен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шетелдік инвесторлар үшін Лондон қ. ұйымдастырған «Investment opportunities in Kazakhstan» тақырыбындағы конференцияда шетелдік инвесторлар Қазақстанның қор нарығында орталық контрагенттің болуын Қазақстанның бағалы қағаздарына инвестициялардың маңызды талаптарының бірі деп атады.

2011 жылдан бастап бағалы қағаздар нарығын реттеу жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) KASE-мен бірлесіп қор және валюта нарығына, сондай-ақ туынды қаржы құралдарының нарығына клирингті және орталық контрагентті енгізу жөніндегі ауқымды жобаны іске асыруға кірісті.

Клирингтік ұйымдардың және орталық контрагенттің жұмыс істеуі үшін құқықтық жағдайлар жасау мақсатында, сондай-ақ олардың қызметіндегі тәуекелдерді азайту мақсатында заңнамалық түзетулердің үш топтамасы:

1) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне банк қызметін және қаржы ұйымдарын тәуекелдерді азайту тұрғысынан реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 28 желтоқсандағы № 524-IV ҚР Заңы;

2) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне екінші деңгейдегі банктердің жұмыс істемейтін кредиттері мен активтері, қаржылық қызметтер көрсету және қаржы ұйымдары мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 4 қарашадағы № 422-V ҚР Заңы;

3) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне валюталық реттеу және валюталық бақылау, қаржы ұйымдарының қызметін тәуекелге бағдарланған қадағалау, қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 2 шілдедегі № 168-VI ҚР Заңы арқылы енгізілді.

Енгізілген өзгерістердің нәтижесінде KASE орталық контрагентті туынды қаржы құралдарының нарығында 2012 жылы, валюта нарығында 2018 жылы және қор нарығында 2019 жылғы желтоқсанда (бірінші релиз) және 2020 жылғы тамызда (екінші релиз) кезең-кезеңімен енгізді.

Контрагент дефолтының тәуекелдерін азайту және орталық контрагенттің қаржылық орнықтылығын арттыру мақсатында KASE KASE-нің меншікті капиталының (74%) және сауда-саттық қатысушылардың кепілдік жарналарының (26%) есебінен **4,2 млрд** теңгеден астам сомаға тәуекелдерді басқарудың жаңа жүйесін, резервтік және кепілдік қорларды қалыптастырды.

АХҚО-да орталық контрагент концептінің іске асырылмағанын атап өту керек.

Орталық контрагенттің халықаралық стандарттарға сәйкес келуін қамтамасыз ету үшін оны жеке заңды тұлғаға бөліп шығару (2021-2022 жылдары) және Еуропа реттеушісі тарапынан сыртқы аккредитациядан өтуі (2022-2023 жылдары) жоспарланды. Осы аккредитацияның болуы Еуропаның институционалдық

инвесторларының Қазақстанның қор нарығында болуын ұлғайтуға мүмкіндік береді.

3. Қор нарығындағы ұсыныс

Қазіргі уақытта эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізілімінде тіркелген бағалы қағаздардың қолданыстағы шығарылымдарының жалпы саны **1638** құрайды. KASE тізімі инвесторларға қолжетімді бағалы қағаздар мен өзге де қаржы құралдарының ауқымды тізімі түрінде берілген, оның ішінде:

- **акциялардың 138 шығарылымы және ЖДҚ-ның 3 шығарылымы;**
- **корпоративтік облигациялардың 261 шығарылымы**, олардың **43,8%-ы** шығарылым көлемі бойынша еурооблигацияларға тиесілі, **66,5%-ы** квазимемлекеттік сектор облигацияларын құрайды;
- **МБҚ-ның 271 шығарылымы**, оның ішінде ҚР Қаржыминінің **125 шығарылымы**, жергілікті атқарушы органдардың **муниципалдық облигацияларының 99 шығарылымы**, ҚРҰБ қысқа мерзімді **ноттарының 24 шығарылымы** және Оман Сұлтандығы, Ресей Федерациясы, Түрік Республикасы, Украина және АҚШ сияқты **шет мемлекеттердің МБҚ-ның 23 шығарылымы**;
- ЕҚДБ, Азия даму банкі, Еуразиялық даму банкі және Халықаралық қаржы корпорациясы сияқты МҚҰ-ның бағалы қағаздарының **30 шығарылымы**;
- инвестициялық қорлардың **9 пайларының шығарылымы** және **4 ETF шығарылымы**, оның біреуі KASE индексіне;
- түрлі мерзімдермен және кепілдегі бағалы қағаздармен РЕПО-ның **281 түрі**;
- валютаның **5 жұбы** және фьючерстердің **6 түрі** бар.

Мұнымен қоса, АІХ листингінде бүгінгі күні акциялардың/ЖДҚ-тың **10 шығарылымы** бар, оның ішінде **5 шығарылымның** қосарлы листингі бар, яғни АІХ биржасы осы бағалы қағаздармен сауда жасау үшін негізгі биржа болып табылмайды, ХҚФ еуроноттарын қоса алғанда **15 облигациялардың шығарылымы** және жеке орналастыруға арналған **34 облигациялар**, ETF/ETN қорлары бағалы қағаздарының **7 шығарылымы** бар.

3.1. МБҚ нарығы


МБҚ нарығы кез келген экономика жұмысының ажырамас бөлігі болып табылады. МБҚ-ның қалыпты және сыйымды нарығы мемлекеттік бюджет тапшылығын қаржыландыруға мүмкіндік беріп қана қоймайды, сонымен қатар қор нарығында баға белгілеу үшін бағдар болып табылады және одан инвестициялық қызметті тиімді жоспарлау үшін қажетті ақпаратты алуға болады.

Қазіргі уақытта KASE ресми тізіміне жергілікті және шетелдік эмитенттердің МБҚ-ның **271 шығарылымы** енгізілді. KASE-де сатылатын мемлекеттік қарыздың жалпы сомасы **16 трлн** теңге немесе мемлекеттік борыштың барлық көлемінің **81,3%-ын** құрайды.

2014 жылдан бастап Қазақстанның МБҚ нарығында өтімділіктің төмендеуі байқалды. Зейнетақы активтерін шоғырландыру институционалдық инвесторлар санының азаюына алып келді, бұл мәмілелер санының төмендеуіне әкелді (3-сурет). 2015-2016 жылдары ҚР Қаржымині ішкі нарықтан сыртқы капитал нарықтарына борышты тарту бойынша қайта бағдарлаудан өтті.

2016 жылы ҚРҰБ қысқа мерзімді ноттар шығару жөніндегі іс-қимылдарды жандандырып, МБҚ нарығын қалпына келтіру, кірістілік қисығын қалыптастыру жөніндегі шаралар кешенін бастады. 2017 жылдан бастап ҚРҰБ-ның және ҚР Қаржыминінің үйлестірілген жұмысының нәтижесінде МБҚ-ны тұрақты орналастыру қайта жанданды. Бейрезиденттер тарапынан Қазақстанның МБҚ-ға сұраныстың артуы байқалады, бұл пайыздық мөлшерлемелердің тартымды деңгейімен түсіндіріледі. Қысқа мерзімді ноттарды бір жылға дейінгі аралықта реттілікпен орналастыру кірістілік қисығының қысқа мерзімді сегментінде күтулердің қалыптасуына ықпал етті. ҚР Қаржымині мемлекеттік бағалы қағаздарды ұзақ мерзімге орналастыру бойынша аукциондар өткізді, бұл кірістілік қисығының ұзақ мерзімді бөлігінде күтулерді қалыптастыруға мүмкіндік берді.

3-сурет. МБҚ сауда-саттығының көлемі, млрд теңгемен



2018 жылғы шілдеде ҚРҰБ Қазақстан Республикасының МБҚ-ны Clearstream халықаралық есеп айырысу жүйесінде есептелетін бағалы қағаздар тізіміне енгізу жөніндегі жобаны табысты іске асырды, бұл халықаралық инвесторлардың қазақстандық қор нарығына қол жеткізуін айтарлықтай оңайлатуды білдіреді. Жобаның сәтті аяқталуы Қазақстандағы қаржы нарығын дамытудың жаңа кезеңіне жол ашты және шетелдік инвесторлар тарапынан қазақстандық мемлекеттік облигацияларға сұраныстың артуына, олардың өтімділігі мен сыртқы нарықтағы тартымдылығын арттыруға ықпал ететін болады.

2018 жылғы қазанда өтімділікті басқару тиімділігін арттыру мақсатында Т+2 жүйесі бойынша ҚРҰБ-ның қысқа мерзімді ноттарын орналастыру басталды. Бұл жүйе халықаралық тәжірибеге сәйкес келеді және әлемдік қаржы нарықтарында бағалы қағаздармен операциялар жүргізу кезінде стандарт болып табылады.

2020 жылы МБҚ-ны халықаралық индекстерге енгізу жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспары әзірленді, онда МБҚ-ны шығару көлемін ұлғайту, МБҚ нарығының өтімділігін арттыру жөніндегі шаралар көзделеді. Индекстер дамушы нарықтарға инвестициялау кезінде инвесторлар үшін эталондық портфель ретінде қолданылады. Облигациялардың индекстерге кіруі дамушы нарықтардың облигациялар портфельін индекстік немесе пассивтік басқаруды және индекске


қатысушы елдерге портфельдік инвестициялардың құйылуын жүзеге асыратын инвесторлар тарапынан сұранысты қамтамасыз етеді.

2020 жылы елдегі жұмыспен қамтуды және әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қолдауға бағытталған дағдарысқа қарсы шараларды іске асырудан туындаған шығыстардың ұлғаюына байланысты ҚР Қаржымині 2020 жылға арналған мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару кестесіне тиісті түзетулер енгізді. Шығарылымның жаңа кестесіне сәйкес, ҚР Қаржымині 1 жылдан 3 жылға дейінгі мерзімге бағалы қағаздар шығару көлемін 1 трлн теңгеге дейін ұлғайтты. ҚР Қаржыминінің жаңа бағдарламасы шеңберінде алғашқы шығарылымдар осы жылдың мамыр айында өтті. МБҚ шығарылымдарының құрылымы мерзімдер бойынша едәуір теңдестірілген бола түсті (4-сурет).

4-сурет. МБҚ мерзімдер бойынша шығарылымдардың құрылымы



5-сурет. МБҚ нарығындағы инвесторлар құрылымы



Өткізілген аукциондардың нәтижелері бағалы қағаздарға сұраныстың ұсыныстан асып кеткенін көрсетеді. Бір айта кететіні, аукциондардың көпшілігі нарық қатысушыларының, яғни екінші деңгейдегі банктердің, брокерлердің және олардың клиенттерінің қатысу үлесінің жоғары болуымен ерекшеленді (5-сурет). МБҚ нарығына нарық қатысушыларының белсенді қатысуы өтімділікті арттыруға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде шетелдік инвесторлардың қызығушылығын тудырады.

2020 жылғы 10 тамыздан бастап ҚРҰБ-ның ноттары және ҚР Қаржыминінің МБҚ бойынша **Delivery versus Payment** (төлемге қарсы жеткізу) жүйесін енгізу арқылы Орталық депозитарий мен Clearstream халықаралық депозитарий арасындағы халықаралық есеп айырысу желісі жетілдірілді.

Delivery versus Payment стандарты бойынша бағалы қағаздарды аударумен бір мезгілде жеткізілімге ақы төлеу көзделеді, бұл тартылған тараптар үшін тәуекелдерді азайтады және ең жақсы әлемдік тәжірибеге сәйкес келеді. Осы есеп айырысу стандартына көшу мемлекеттік бағалы қағаздардың отандық нарығының өтімділігіне оң әсер етеді және қор нарығының одан әрі дамуына ықпал етеді.

3.2. Акциялар нарығы


Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізілімінде тіркелген акциялар шығарылымдарының жалпы саны **1 145** шығарылымды құрайды. Бұл ретте акциялардың **138** шығарылымы KASE-нің ресми тізіміне кіреді.

KASE-де акциялар эмитенттері энергетика (49,2%), қаржы (19%), материалдар (18,7%), өнеркәсіп (7,5%), телекоммуникация (4,7%) секторы бойынша компаниялардан және басқа секторлардан ұсынылған (6-сурет). Бұл ретте негізгі алаңның «Премиум» санатына **8 акция**, негізгі алаңның «Стандарт» санатына – **81 акция**, «Баламалы алаң» санатына – **49 акция** кіреді.


Қазіргі уақытта акциялар сауда-саттығының құрылымында сауда айналымының басым бөлігі институционалдық инвесторлар болып табылмайтын жеке және заңды тұлғаларға тиесілі, олардың жиынтық үлесі 77,8%-ды құрайды (7-сурет). 2020 жылы мәмілелердің орташа күндік саны 730 мәмілені, ал сауда-саттықтың орташа күндік көлемі – 848,7 млн теңгені құрайды.

Қайталама нарықтағы акциялар сауда-саттығының көлемі 2018 жылдан бастап төмендеуін жалғастыруда (8-сурет). 2020 жылдың бірінші жартыжылдығында биржадағы акциялармен сауда-саттық көлемі шамамен **155,3 млрд** теңгені, АІХ-ке шамамен **11,2 млрд** теңгені құрады. Осы сегменттегі инвесторлардың белсенділігіне елдегі сыртқы күйзелістер мен экономикалық жағдай айтарлықтай әсер етеді. Мұнай бағасының және айырбас бағамының өзгеруі бөлшек инвесторлардың ұлттық валютада көрсетілген активтерді сатып алу және ұстап тұру ниеті мен мүмкіндігіне теріс әсер етеді.

6-сурет. Акциялар эмитенттерінің құрылымы



7-сурет. Акциялар нарығындағы инвесторлардың құрылымы



Жергілікті институционалдық инвесторлар, әдетте, тәуекел дәрежесі төмен және борыштық міндеттемелерді өтеу мерзімдерінің болуымен сипатталатын мемлекеттік және корпоративтік облигацияларға инвестицияларға басымдық береді.

Ұлттық компаниялардың жекешелендіру жоспарларын және жаңа IPO-ны кейінге қалдыру нарыққа жаңа бөлшек және шетелдік инвесторларды тартуға ықпал етпейді, және оның салдары акциялардың айналымдылық мен өтімділік көрсеткіштері жақсармайды.


Осыған қарамастан, қор нарығының бұл сегментін дамыту және оны жаһандық капитал нарықтарында қолдау мақсатында уәкілетті орган KASE-мен бірлесіп 2017 жылы Қазақстанның қор нарығын MSCI, FTSE&Russel және S&P Dow Jones **халықаралық қор индекстерінің** «Frontier Markets» санатына енгізуге бастама жасады, ол нәтижесінде шетелдік институционалдық инвесторларға және пассивтік инвестициялар қорына өздерінің портфельдік инвестицияларын қазақстандық жария компанияларға қатысуын кеңейтуге мүмкіндік берді.

Қазақстанның қор нарығын кейінгі **Emerging markets** (Дамушы нарықтар) және **Secondary emerging markets** (Қайталама дамушы нарықтар) мәртебеге дейін жақсарту үшін эмитенттер санын, оның ішінде капиталдануы және акциялармен сауда-саттық көлемдері ірі компаниялар санын ұлғайту талап етіледі.

2020 жылғы наурыз және маусымда FTSE&Russel және MSCI индекстерінің беделді қызметтері Қазақстанның қор нарығын қоса алғанда, қор нарықтарын бағалаудың кезекті матрицасын жариялады, оларға сәйкес **Қазақстан «Emerging Markets»** санаты бойынша индекске кіруі үшін Қазақстанның қор нарығын реттеу, заңнамасы және инфрақұрылымы бойынша **барлық сапалық өлшемшарттарға сәйкес келетіні атап көрсетілді.**

MSCI және FTSE&Russell белгілеген қор нарығында нарықтық капиталдану деңгейі, еркін айналымдағы акцияларының саны (free-float), сондай-ақ акцияларының айналымдылығы (өтімділігі) қажетті деңгейдегі компаниялардың жеткілікті санының қатысуы бойынша сапалық өлшемшарттарға сәйкес келу үшін ірі капиталдануымен (ҚМГ, ҚТЖ, Kaspi.kz және т.б.). компаниялардың IPO-сын жүргізу талап етіледі. Кешенді жекешелендіру жоспарын табысты іске асыру Қазақстанның халықаралық қор индекстеріндегі **позициясын «Emerging Markets»** деңгейіне дейін **жақсартуға** мүмкіндік береді.

8-сурет. Қайталама нарықтағы акциялар сауда-саттығының көлемі, млрд. теңге



Бұл ретте, қор нарығына шығу эмитенттер қызметінің айқындығын арттыруды, инвесторлармен өзара іс-әрекеттестікті жақсартуды, компаниялардағы корпоративтік басқару деңгейін арттыруды талап ететінін, сондай-ақ қосымша шығыстардың болуын ұйғаратынын ескере отырып, жеке компаниялар, әдетте,

IPO-дан қор нарығына шығуға мүдделі емес. Қор нарығына шығуға дайындыққа арналған шығыстарды өтеу үшін салықтық жеңілдіктердің болмауы және қызметтің жариялылығы деңгейін арттыруға қойылатын талаптар жеке компаниялардың қор нарығына деген қызығушылығын азайтады.

ҚРҰБ, кейіннен ҚНРДА 2016 жылдан бастап бірнеше рет ішкі қор нарығында IPO-дан өткен эмитенттер үшін корпоративтік қосымша құн салығы бойынша уақытша салықтық жеңілдіктер беру бойынша ұсыныстар енгізгенін атап өту қажет. Алайда, бұл ұсыныстар қолдау таппады.

3.3. Облигациялар нарығы

Институционалдық факторларға байланысты Қазақстанда облигациялар нарығы неғұрлым даму алды.


Облигациялар шығарылымы мен оларды тіркеу процестерінің жылдамдығы, сондай-ақ облигациялар шығарылымдарының проспектілерін тіркеуге қойылатын жеңілдетілген талаптар әлеуетті эмитенттер үшін облигациялық қарыздардың өтімділігі мен тартымдылығын арттырады.

Борыштық бағалы қағаздардың жоғары кірістілігі (2020 жылы орташа есеппен 11%-дан 14%-ға дейін), сондай-ақ ірі эмитенттердің басым бөлігінде кредиттік рейтингтің болуы қор нарығында облигациялар шығарылымы арқылы портфельдік инвестициялар тартудың жоғары әлеуетін қамтамасыз етеді.


Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізілімінде тіркелген облигациялар шығарылымының жалпы саны **458** болды. Бұл ретте, **корпоративтік облигациялардың 261** шығарылымы KASE-нің ресми тізіміне кіреді.

Облигациялар нарығында 59,4% қаржы секторының эмитенттерінің үлесіне келеді, 22,3% энергетикаға, 11,3% өнеркәсіпке, 5,4% маңызды емес тұтыну тауарлары (9-сурет). Бұл ретте, «Негізгі алаң» санатына **241 облигация**, ал «Баламалы алаң» санатына **27 облигация** кіреді.

9-сурет. Облигациялар эмитенттерінің құрылымы



10-сурет. Облигациялар нарығындағы инвестициялар




Қазіргі уақытта корпоративтік облигациялармен сауда-саттық құрылымында сауда-саттық айналымының басым бөлігі институционалдық инвесторлар болып

табылмайтын заңды тұлғаларға, және жиынтық үлесі 96%-ды құрайтын институционалдық инвесторларға келеді (10-сурет).

2014 жылдың басынан бастап эмитенттер облигациялар шығарылымы мен оларды KASE-де орналастыру арқылы **7,9 трлн** теңгеден астам борыштық қаржыландыру тартқан. Корпоративтік облигацияларды бастапқы орналастырудың өсуінің оң серпіні 2016 жылдан бастап байқалады (11-сурет).

11-сурет. Корпоративтік облигациялар сауда-саттығының көлемі, млрд теңге



Облигациялар нарығының өсуі көп жағдайда екінші деңгейдегі банктер (2016 жылдан бері **600 млрд** теңгеден астам тартқан) және квазимемлекеттік ұйымдар (2016 жылдың басынан тартылған қорландыру **3 трлн** теңгеден асады) тарапынан қарыз алулар көлемдерінің ұлғаюымен байланысты болды².

Оның нәтижесінде корпоративтік облигациялармен сауда-саттық көлемдері KASE-нің қайталама нарығында да 2016 жылдан бері ұлғайған. Бұл ретте 2020 жылдың басынан KASE-нің қайталама нарығында облигациялармен сауда-саттық көлемі **253 млрд** теңге, ал AIX-те – **6,2 млрд** теңге болды.

Облигацияларды қорландыруды тарту құралы ретінде кеңінен пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 24 мамырдағы №156-VI Заңымен Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне толықтырулар енгізілді, оларға сәйкес жеке кәсіпкерлік субъектілері шығарған облигациялар бойынша купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау құралы бизнесті қолдаудың қаржылық құралдарының тізбесіне енгізілген (Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 94-бабы).

Қазақстанның жеке кәсіпорындарының облигациялық шығарылымдары «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік

² Деректер банктерді қаржылық қолдау аясында орналастыруларды және нарықтық емес сипаттағы орналастыруларды ескерусіз келтірілген

бағдарламасының шеңберінде субсидияланады. Аталған бағдарламаға Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 25 тамыздағы № 522 қаулысымен кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау құралы ретінде қазақстандық компаниялар шығарған облигациялар бойынша купондық сыйақыны субсидиялауды енгізу бойынша тиісті түзетулер енгізілді.

Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 25 тамыздағы № 523 қаулысымен «Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлік субъектілері шығарған облигациялар бойынша купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қағидалары бекітілді. Бұл Қағидалар бұдан былай қор биржасында орналастыру үшін кәсіпкерлік субъектілері шығарған облигациялар бойынша купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялаудың талаптары мен тетіктерін айқындайды.


4. Қор нарығындағы сұраныс

Қазіргі уақытта қор нарығында институционалдық және бөлшек инвесторлар берілген. БЖЗҚ, ҚРҰБ-ның басқаруындағы басқа қорлар, екінші деңгейдегі банктер, сақтандыру ұйымдары және инвестициялық қорлар барынша ірі институционалдық инвесторлар болып табылады.


4.1. БЖЗҚ

Бағалы қағаздарға инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы сомасы 2020 жылғы 1 шілдеде **10,3 трлн** теңге болды және 2014 жылдың басымен салыстырғанда кемінде 3 есе ұлғайды. Бүгінде бағалы қағаздарға инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы сомасынан ең көп үлесті (54,1%) ҚР МБҚ иеленді, ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары – 30,9% (13-сурет), олардың 13,7%-ы квазимемлекеттік ұйымдардың облигацияларына және 14,1%-ға жуығы екінші деңгейдегі банктердің облигацияларына тиесілі.

12-сурет. 01.01.2014ж. жағдай бойынша ЖЗҚ-дың инвестициялық портфель



13-сурет. 01.10.2020ж. жағдай бойынша БЖЗҚ-ның инвестициялық портфелі




2014 жылдың ортасында зейнетақы активтерін БЖЗҚ-ға шоғырландыру ақталғаннан кейін және нарықтан инвестициялық портфельдің құрылымындағы жеке жинақтаушы зейнетақы қорлары арқылы негізгі институционалдық инвесторлардың кетуімен 2014 жылдың басымен салыстырғанда (12-сурет) ҚР МБҚ-ның үлесі 54,1%-ға дейін, бұл ретте шетелдік эмитенттердің МБҚ үлесі 7,7%-ға дейін және квазимемлекеттік облигациялар 13,7%-ға дейін өсті.

4.2. Екінші деңгейдегі банктер


Екінші деңгейдегі банктердің (бұдан әрі – ЕДБ) бағалы қағаздарға инвестицияланған активтері 2020 жылғы 1 шілдеде **6,6 трлн** теңге болды және 2014 жылдың басымен салыстырғанда **3 еседен** аса ұлғайды. Қазіргі уақытта ЕДБ-нің бағалы қағаздарға инвестицияланған активтерінің жалпы сомасының **үштен бірден астамын** (75,1%) ҚР МБҚ-ға инвестициялар иеленіп отыр, ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына инвестициялар 16%-ға жуық болды (15-сурет).

2014 жылдың басымен салыстырғанда (14-сурет) ҚР МБҚ-ның үлесі 37,4%-дан 75,1%-ға дейін, оның ішінде ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары үлесінің 51%-дан 16%-ға дейін төмендеуі есебінен айтарлықтай ұлғайды.

14-сурет. 01.01.2014ж. жағдай бойынша ЕДБ-нің инвестициялық портфелі



15-сурет. 01.10.2020ж. жағдай бойынша ЕДБ-нің инвестициялық портфелі



2018 жылғы 1 наурыздан бастап «Облигацияларын банктер және банк холдингтері меншікке сатып алатын халықаралық қаржы ұйымдарының тізбесін және банктер мен банк холдингтері меншікке сатып алатын облигацияларға қойылатын талаптарды белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 29 қарашадағы № 234 қаулысы күшіне енді, оған сәйкес облигацияларын банктер және банк холдингтері меншікке сатып алатын халықаралық қаржы ұйымдарының тізбесі, сондай-ақ банктер мен банк холдингтері меншікке сатып алатын облигацияларға қойылатын талаптар белгіленді.


Кейіннен екінші деңгейдегі банктерге олардың еншілес ұйымдарына, банк холдингтеріне, сондай-ақ банк холдингінің құрамына кіретін ұйымдарға сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін одан әрі кеңейту мәселелерін пысықтау жоспарланды.

4.3. Сақтандыру ұйымдары


Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының (бұдан әрі – СҰ) бағалы қағаздарға инвестицияланған активтері 2020 жылғы 1 шілдеде 2014 жылдың басымен салыстырғанда **3 есе** ұлғайып, **1 трлн** теңге болды. СҰ-ның бағалы қағаздарға инвестицияланған активтерінің дерлік жартысы (43,9%) ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына, 30,4% – ҚР МБҚ-ға инвестицияланды (17-сурет).

2014 жылдың басымен салыстырғанда (16-сурет) сақтандыру ұйымдары ҚР МБҚ-ға инвестицияларды өсірді, олардың портфельдегі үлесі 25,4%-дан 30,4%-ға дейін, сондай-ақ МҚҰ-ның бағалы қағаздарына – 3,1%-дан 9,6%-ға дейін ұлғайды, ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының портфельдегі үлесі 57,1%-дан 43,9%-ға дейін төмендеді.

**16-сурет. 01.01.2014ж. жағдай
бойынша СҰ-ның инвестициялық
портфелі**



**17-сурет. 01.10.2020ж. жағдай
бойынша СҰ-ның
инвестициялық портфелі**



2018 жылғы 15 шілдеден бастап сақтандыру өнімдерінің дамуына бағытталған түзетулер күшіне енді, олар сақтанушыларға өмірді сақтандырумен қоса инвестициялық басқаруды алып жүруге мүмкіндік береді. Атап айтқанда, сақтандыру ұйымдарына тиісті лицензия негізінде инвестициялау мақсаты үшін алынған сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігі есебінен қалыптастырылған активтерді дербес басқару мүмкіндігі берілген. Бұл ретте полис иесінің оның жарналары инвестицияланатын қаржы құралдарын таңдап алуына мүмкіндігі бар.

Сонымен қатар осы түзетулерге сәйкес сақтандыру ұйымдарының инвестициялық мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында сақтанушының инвестициялық активтеріне әртараптандыру талаптары алы тасталды.

4.4. Инвестициялық қорлар


Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздарға инвестицияланған активтері **128,4 млрд** теңге болды. Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздарға инвестицияланған активтерінің айтарлықтай бөлігін шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына инвестициялардың – 75,7%, ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына инвестициялар инвестициялық портфельдің 14,8%-ын құрайды (19-сурет).

2014 жылдың басымен салыстырғанда (18-сурет) ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының үлесі өсіп, 5,3%-дан 14,8%-ға дейін ұлғайды және шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының үлесі 83,8%-дан 75,7%-ға дейін төмендеді.


2018 жылы инвестициялық қорлардың қызметін реттейтін заңнаманы ырықтандыру арқылы инвестициялаудың ұжымдық нысандарын белсендіруге бағытталған бірқатар шаралар іске асырылды. Атап айтқанда, инвестициялық қорларды құруға және олардың жұмыс істеуіне талаптар жеңілдетілді, атап айтқанда инвестициялық пай қорларының активтерінің ең аз мөлшеріне және пай ұстаушылардың санына, инвестициялау лимиттерін қайта қарау есебінен инвестициялық қорлардың мүмкіндіктерін кеңейтілді, инвестициялық қордың

активтерін тәуекелді инвестициялауға және жылжымайтын мүлік қорына инвестициялауға шектеулерді алып тасталды.

18-сурет. 01.01.2014ж. жағдай бойынша ИҚ-ның инвестициялық портфелі



19-сурет. 01.10.2020ж. жағдай бойынша ИҚ-ның инвестициялық портфелі



Бұдан әрі, инвестициялаудың ұжымдық нысандарын белсендіру мақсатында, оның ішінде қор нарығының сауда-саттық жүйесіне инвестициялық қорлардың акциялары мен пайларын тәуекелді инвестициялауға орналастыруға және айналысқа шығаруға қолжетімділікті қамтамасыз ету, инвестициялық қорлардың активтерін қаржы құралдарына инвестициялауға қатысты шектеулерді ырықтандыру арқылы инвестициялық қорлар туралы заңнаманы ырықтандыруға арналған бағытты жалғастыру жоспарланды.

4.5. Бөлшек инвесторлар

Қазіргі уақытта Орталық депозитарийде инвесторларға дерлік 126 мың шот ашылды (20-сурет), оның ішінде 124 мың инвестор жеке тұлғалар үшін ашылды.


Көп жағдайда бөлшек инвесторлық базаның ұлғаюы мынадай екі қазақстандық компанияға: «Халықтық IPO» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде 2012 жылы – «ҚазТрансОйл» АҚ-қа және 2014 жылы – «KEGOC» АҚ-қа IPO жүргізу есебінен қамтамасыз етілді. IPO деректерін жүргізу нәтижесінде инвесторлардың бөлшек базасы **76 мың шотқа** ұлғайды.

Қор нарығына инвесторларды тарту және сауда-саттық талаптарын жеңілдету мақсатында 2016 жылдан бастап брокерлердің клиенттерге электрондық қызмет көрсету мүмкіндігі енгізілді, бұл өңірлік инвесторлардың нарыққа кіруін жеңілдетті және инвесторларға қашықтан қолжетімділік жүйесін пайдалана отырып, қазақстандық қор нарығында қаржы құралдарымен сауда-саттықты жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Бүгінде электрондық қызметтерді пайдаланатын және тікелей қолжетімділік жүйесі арқылы сауда-саттық жасайтын БҚНҚК клиенттерінің саны 63 мыңға жуық және инвесторлардың жалпы санынан 50% болды.

Бұдан әрі қор нарығында ұлттық компанияларды жекешелендіру, сондай-ақ аралық тәсілмен қатынастар орнатудың жаңа құралдарын енгізу арқылы халықтың

арасында брокерлік қызметтің кіру деңгейін арттыру есебінен бөлшек инвесторлардың үлесін ұлғайту жоспарланды.

20-сурет. Орталық депозитарийде инвесторларға ашылған сауда шоттарының саны



5. Қор нарығын реттеу

Тиімді реттеусіз қор нарығын дамыту мүмкін емес. Соңғы жылдары уәкілетті орган формальды талаптарды мүмкіндігінше жеңілдету және ықшамдалған реттеу жүйесін құру арқылы қор нарығын **реттеу тәсілдерін** едәуір **ырықтандырды**.

Сонымен бірге ырықтандыру жөніндегі шаралар инвесторлардың құқықтарын қорғау деңгейін төмендетуді **көздемейді**. Керісінше, Қазақстанда миноритарлық инвесторларды қоса алғанда, инвесторлар үшін **қолайлы заңнамалық және реттеуші орта** қалыптастырылды, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың басқа юрисдикцияларға қарағанда **деңгейі жоғарырақ**. Бұл «Инвесторларды қорғау» индикаторы бойынша БЖИ/ДЭФ (1-орын) және Doing Business (7-орын) халықаралық рейтингтерінде Қазақстанның дәстүрлі көшбасшылық орындармен расталады.

2014 жылдан бастап уәкілетті орган қаржы нарығында тәуекелдерге бағдарланған қадағалау жүйесіне көшуді жүзеге асыруда, оның ішінде БҚНҚҚ-ды. Тәуекелге бағдарланған қадағалаудың принциптері мен құралдарын заңдар деңгейінде бекітуге мүмкіндік берген тетіктер 2018 жылы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне валюталық реттеу және валюталық бақылау, қаржы ұйымдарының қызметіне тәуекелге бағдарланған қадағалау, қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 168-VI Заңына сәйкес пайдалануға берілді.

Тәуекелге бағдарланған қадағалау қағидаттарын пайдалану БҚНҚҚ-дың қызметіндегі тәуекелдер мен қатерлерді бастапқы сатыларда сәйкестендіруге және БҚНҚҚ-дың қаржылық жай-күйінің нашарлауын және оның клиенттеріне тәуекелдердің таралуын күтпестен, оларға уақтылы ден қоюға мүмкіндік береді. Қадағалау барысында қаржы ұйымдарына олардың қызметіне тән тәуекелдерді сапалы және дербес басқаруға мүмкіндік беретін қағидаттарды бағалауға қойылатын формалды реттеушілік талаптарды орындаудан фокус ауысады. Уәкілетті органның тәуелсіздігі және дәлелді пайымдау құқығын беру шешімдер қабылдаудың икемділігі мен жеделдігін және қадағалаудың тиімділігін қамтамасыз етеді.

Тәуекелге бағдарланған қадағалау жүйесінің эволюциясы реттеуші талаптар әрбір БҚНҚҚ-ға қатысты оның жүйелік маңыздылығын, қызметінің күрделілігін және қабылданатын тәуекелдерді ескере отырып, пропорционалды реттеу қағидатын және қадағалау жөніндегі ішкі бизнес-процестерді және уәкілетті органның ішкі регламенттерін одан әрі жетілдіру кеңінен пайдалануды көздейді.

Сонымен қатар, сандық факторларға қарамастан, бағалы қағаздар нарығындағы реттеушінің жұмысында БҚНҚҚ-дың бизнес-моделін бағалауға, қаржы қызметтерін тұтынушылармен өзара іс-қимылға, қаржы құралдарының нарықтық бағасына айла-шарғы жасауды және ықпал етуді қоса алғанда, бағалы қағаздар нарығында жосықсыз мінез-құлық фактілерінің болуына назар аудара отырып, мінез-құлықтық қадағалау элементтері пайдаланылады және жетілдірілетін болады.

Формальды талаптарды ырықтандыру, тәуекелге бағдарланған қадағалау жүйесін қолдану және пропорционалды реттеуге және мінез-құлық қадағалауына көшу нәтижесінде Қазақстанның қор нарығы қарапайым ережелері және ең аз формальды шектеулері бар **еркін платформа** болып дамиды, онда нарық қатысушылары өздері қабылдаған инвестициялық шешімдер үшін жауапты болатын инвесторлардың құқықтарын қорғаудың жоғары деңгейі қамтамасыз етіледі, ал БҚНҚ-дың қызметіндегі тәуекелдер мониторингі сапалық критерийлер мен қадағалау пайымдаулары негізінде жүзеге асырылады.

2018 жылғы қарашада Қазақстан ҚРҰБ арқылы **IOSCO нағыз мүшесі** болып, Бағалы қағаздар жөніндегі халықаралық комиссияның өзара түсіністік және ақпарат алмасу туралы көпжақты меморандумына (бұдан әрі - Меморандум) **қосылды**. Осы Меморандумға қосылудың негізгі талабы бағалы қағаздар нарығын реттеу және қадағалау жүйесінің IOSCO негізгі халықаралық стандарттарына сәйкес келуі болып табылады.

Бұл үшін көп жұмыс атқарды. Уәкілетті орган 1997 жылдан бастап IOSCO мүшесі болып табылады. 2005 жылдан бастап Меморандумның талаптарына сай болу үшін Қазақстанның заңнамалық және реттеуші базасын оңтайландыру жүргізілді. Меморандумға қосылу қаржы нарығын реттеудің халықаралық қағидаттары мен стандарттарын әзірлеуге қатысуға мүмкіндік береді және бағалы қағаздар нарығының шетелдік реттеушілеріне қосымша екіжақты келісімдерге қол қою қажеттігісіз, **123 елдің** қор нарықтарының реттеушілерімен қажетті өзара әрекеттесу мен ақпарат алмасу үшін жеткілікті негіз болып табылады.

Осылайша, соңғы бірнеше жылда ең үздік IOSCO халықаралық стандарттар мен практикаларға сәйкес реттеуші режимнің тиімділігін арттыруға бағытталған айтарлықтай жұмыстар атқарылды. IOSCO стандарттарын енгізу БҚНҚ-дың қызмет шарттарына қойылатын реттеушілік талаптардың барабарлығын қамтамасыз етті.

Төменде уәкілетті орган БҚНҚ инвестициялық мүмкіндіктерін кеңейту және бағалы қағаздар шығарылымының және қор нарығындағы операциялардың санын ұлғайту мақсатында соңғы жылдары қабылдаған ырықтандыру жөніндегі **негізгі шаралар** келтірілген.

1. Брокерлердің және (немесе) дилерлердің банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға құқықтарын кеңейту мақсатында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру және сақтандыру қызметі, бағалы қағаздар нарығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 2 шілдедегі № 166-VI Қазақстан Республикасының Заңымен (бұдан әрі - № 166-VI заң) «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізілді.

Брокер және (немесе) дилер уәкілетті органның банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған тиісті лицензиясы негізінде мынадай банк операцияларын жүзеге асыруға құқылы екені көзделген:

- 1) заңды тұлғалардың банктік шоттарын ашу және жүргізу;
- 2) жеке тұлғалардың банктік шоттарын ашу және жүргізу;
- 3) аударым операциялары: төлемдер мен ақша аударымдары бойынша жеке және заңды тұлғалардың тапсырмаларын орындау;

4) ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарымен банктік қарыз операциялары;

5) қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруды қоспағанда, шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру.

Бүгінгі күнде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүргізуге үш брокерлік ұйымға лицензия берілді.

2. Жергілікті брокерлік және (немесе) дилерлік ұйымдардың, сондай-ақ инвестициялық портфельді басқарушылардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін 2015 жылдан бастап халықаралық капитал нарықтарында және биржадан тыс нарықтарда операцияларды жүзеге асыруға заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер деңгейінде белгіленген барлық негізгі шектеулер кезең-кезеңімен алынып тасталды.

Жүйесінде БҚНҚ бағалы қағаздарды, ақшаны және өзге де қаржы құралдарын есепке алу үшін тікелей шоттар аша алатын шетелдік есеп айырысу ұйымдарының тізбесі айқындалды, бұл елеулі дәрежеде шетелдік бағалы қағаздармен операцияларды жүзеге асыру кезінде БҚНҚ-дың мен олардың клиенттерінің шығыстарын төмендетуге мүмкіндік берді.

№ 166-VI Заңмен инвестициялық пай қорлары активтерінің ең аз көлеміне және пайшылар санына қойылатын талаптар алып тасталды, және де қайта ұйымдастыру жолымен акционерлік инвестициялық қорларды құруға қойылатын талаптар жеңілдетілді, бұл ақырында нарықтағы инвестициялық пай қорлары санының 2017 жылғы 43-тен 2020 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 62-ге дейін өсуіне және олардың активтерінің 125,7 млрд. теңгеден 328,9 млрд. теңгеге дейін ұлғаюына әкелді.

2019 жылы KASE-де орталық контрагенттің және несиелік тәуекелдерді басқарудың орталықтандырылған жүйесінің іске қосылуымен БҚНҚ-дың тәуекелдерді басқару жүйесінің тәуекелдерін басқару жүйесіне қойылатын талаптар едәуір жеңілдетілді, бұл олардың операциялық жүйелері мен бэк-кеңселеріне жүктемені азайтуға мүмкіндік берді.

3. № 166-VI заңға сәйкес **ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау рәсімдері бойынша талаптар ықшамдалды.** Егер клиент мемлекеттік орган, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы, сақтандыру ұйымы болса (клиенттің іскерлік қарым-қатынастарды қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланатыны туралы күдіктер болған жағдайларды қоспағанда), банктер, қор биржалары, орталық депозитарий осы Заңның 1-бабы 3) тармақшасының төртінші абзацында көрсетілген тұлғаны анықтамауға және ол туралы мәліметтерді тіркемеуге құқылы деп белгіленді.

Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 24 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңымен клиенттер (олардың өкілдері) және бенефициарлық меншік иелері туралы мәліметтердің анықтығын тексеру тәртібін, сондай-ақ

мәліметтердің анықтығын тексеру талап етілмейтін жағдайларды нақтылайтын өзгерістер де енгізілген.

Атап айтқанда, мемлекеттік бағалы қағаздармен жасалатын операцияның сомасы 500 000 теңгеден не баламасы 500 000 теңге шетел валютасындағы сомадан аспаса, мемлекеттік бағалы қағаздарды иелену мақсатында бағалы қағаздардың орталық депозитарийі жүйесінде жеке тұлғаларға шот ашылған кезде клиенттерді тиісінше тексеру бойынша шаралар қабылдау талап етілмейді.

Сонымен қатар, клиенттер қашықтан қолжеткізу арқылы қызметтер көрсету кезінде оларды тиісінше тексеру ерекшеліктері көзделетін «Іскерлік қатынастар қашықтықтан орнатылған жағдайда қаржы мониторингі субъектілерінің клиенттерді тиісінше тексеруіне қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 маусымдағы № 140 қаулысы қабылданды. Атап айтқанда, іскерлік қатынастарды қашықтан орнату тәсілмен орнату үшін клиентті сәйкестендіру және аутентификаттау үшін мынадай тәсілдер қарастырылған:

1) жеке немесе заңды тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасы;

2) немесе биометриялық сәйкестендіру құралдары;

3) немесе егер жеке тұлғаны қаржы мониторингі субъектісі бұған дейін жеке қатыса отырып сәйкестендірген жағдайда, қаржы мониторингі субъектісі ақпарат алмасу туралы келісім жасаған екінші деңгейдегі банк немесе Ұлттық пошта операторы шығарған жеке тұлғаны сәйкестендіру және аутентификаттау кезіндегі төлем карточкасының деректемелері (төлем карточкасының нөмірі, қолданылу мерзімі, төлем карточкалары жүйесінің атауы);

4) немесе әріптердің, цифрлардың немесе таңбалардың комбинациясын білдіретін бірегей сәйкестендіргіш немесе клиентті сәйкестендіру үшін қаржы мониторингі субъектісі белгілеген және онымен келісілген өзге сәйкестендіргіш.

4. Эмитенттер үшін қор нарығына шығу бойынша рәсімдерді оңтайландыру және жеңілдету мақсатында № 166-VI Заңмен мыналарды:

1) шығарылымды мемлекеттік тіркеу үшін ұсынылатын құжаттарды қарау **мерзімдерін қысқартуды:**

- эмиссиялық мемлекеттік емес бағалы қағаздарды – күнтізбелік 30 күннен бастап 15 жұмыс күніне дейін;

- облигациялық бағдарламаны – 30 күнтізбелік күннен 10 жұмыс күніне дейін;

- облигациялық бағдарлама шегінде облигациялар шығаруды - 5 жұмыс күніне дейін;

2) мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымының проспектілеріне өзгерістер енгізуге байланысты **руқсат беру рәсімдерінің санын қысқартуды** (олар туралы ақпарат қаржылық есептілік депозитарийінде жарияланатын өзгерістерге қатысты талаптар алып тасталды);

3) мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымы проспектісінің **мазмұнына қойылатын талаптарды жеңілдетуді**, оның ішінде проспектіге енгізілетін мәліметтер мен құжаттардың тізбесі қысқартылды;

4) мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын және эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымының проспектісіне өзгерістерді

мемлекеттік тіркеу үшін уәкілетті органға ұсынылатын **құжаттар пакетін қысқартуды**, оның ішінде егер құжаттар бұрын қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылған болса, онда эмитент оларды ұсынбайды;

5) эмитенттер қаржылық есептілік депозитарийінде орналастыратын ақпарат негізінде **бағалы қағаздар шығарылымы проспектісінің электрондық форматқа** көшу мүмкіндігін белгілеуді және оны автоматты түрде жаңартуды;

6) уәкілетті орган бағалы қағаздарға беретін ұлттық сәйкестендіру нөмірлерінен орталық депозитарий бағалы қағаздарға беретін **халықаралық сәйкестендіру нөмірлеріне (ISIN кодтарына)** көшуді жүзеге асыруды;

7) эмитенттің облигациялар айналысының бүкіл мерзімі ішінде **левередж шамасына** қойылатын талаптарды сақтауы жөніндегі **талапты алып тастауды**;

8) мемлекеттік емес облигацияларды орналастыру қорытындылары туралы **есептерді ұсыну бойынша талапты алып тастауды**;

9) эмитенттердің мемлекеттік емес облигацияларды өтеу қорытындылары туралы есептерді ұсынуын **хабарлама сипатына аударуды**;

10) уәкілетті органға акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есептерді ұсыну үшін **есепті кезеңді** 6 айдан 12 айға дейін **ұлғайтуды** және акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекіту үшін ұсынылатын **құжаттар пакетін қысқартуды**;

11) облигациялардың басқа түрлеріне қатысты осы талапты **алып тастай отырып**, қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигацияларды шығару, орналастыру, айналысқа шығару және өтеу кезінде **ғана** облигацияларды ұстаушылар өкілінің болуы жөніндегі **талаптарды сақтауды** көздейтін кейбір заңнамалық актілерге түзетулер енгізілді.

5. Қор нарығында әкімшілік жауапкершілік шаралары жүйесін ырықтандыру мақсатында № 166-VI Заңмен мынадай шаралар енгізілді:

1) бағалы қағаздар нарығының субъектілеріне қатысты әкімшілік жаза шаралары қолданылғанға дейін әкімшілік жауапкершіліктің басталуы туралы **ескерту жүйесі** енгізілді (бірнеше рет бұзушылық жасағаны үшін жауапкершілікке тарту көзделген);

2) **ӘҚБТК-нің жалпы баптары алып тасталды** және құқық бұзушылықтың маңыздылығы, мәнділігі мен салдарлары факторларын ескере отырып, құқық бұзушылық құрамы нақтыланды;

3) бағалы қағаздар нарығының субъектісі **құқық бұзушылықты өз бетінше жойған** жағдайда, бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің уәкілетті органға дәйексіз және (немесе) толық емес ақпарат бергені үшін **әкімшілік жауапкершілік алып тасталды**;

4) банкрот деп танылған немесе мәжбүрлеп тарату процесінде тұрған эмитенттерге қатысты **әкімшілік жауапкершілік алып тасталды**.

6. Эмитенттердің қызметі туралы ақпаратты ашу жүйесін жетілдіру үшін № 166-VI Заңмен эмитенттердің қызметі туралы ақпаратқа инвесторлардың қол жеткізуін **жүйелеуге** және эмитенттерге **қаржылық жүктемені төмендетуге** бағытталған түзетулер енгізілді:

- эмитенттер ашатын өз қызметі туралы ақпараттың тізбесі оңтайландырылды, қайталанатын нормалар алып тасталды;

- эмитенттер туралы бірыңғай тегін ақпарат көзі ретінде Қаржылық есептілік депозитарийі анықталды.

Осы түзетулер, оның ішінде, ақпаратты тарату арналары пайдаланушылардың қажетті ақпаратқа тең құқықты, уақтылы және шамадан тыс шығыстармен байланысты емес қол жеткізуін қамтамасыз етуі тиіс екенін белгілейтін ақпаратты ашу бойынша G20/ЭЫДҰ корпоративтік басқару қағидаттарымен келісіледі.

Сондай-ақ 166-VI Заң шеңберінде қаржылық есептілік депозитарийін Қазақстан аумағында эмитенттер, олардың қаржы-шаруашылық қызметі және корпоративтік оқиғалар туралы, сондай-ақ олардың қызметіндегі басқа да маңызды өзгерістер туралы бірыңғай ақпарат көзі ретінде айқындай отырып, **эмитенттер ашатын ақпараттың** бұқаралық ақпарат құралдарының әртүрлі көздерінде **қайталануын болдырмау** көзделді. Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы және акционерлік қоғамдар туралы заңнамасына осы бағыттағы тиісті түзетулер 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді.

Бұдан басқа, KASE Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес **корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты** оның мазмұны мен ұсыну мерзімдері бөлігінде **ашу бойынша талаптарды** барынша **біріздендірді**, бұл листингтік компаниялардың тиісті ақпаратты ең аз шығынмен ашуына мүмкіндік береді.

7. Өзекті мәселелері жоқ **акционерлерге акционерлік қоғамның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу және төлеу мәселелерін** шешу мақсатында № 166-VI Заңда түзетулер көзделген, онда 2019 жылғы 1 шілдеден бастап бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдері жүйесінде немесе акционерлік қоғамда акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтер болмаған жағдайда, оған тиесілі дивидендтер Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған оның шотына аударылады деп көрсетілген. Кейіннен, осы акционер акциялары бойынша аталған дивидендтер есептелген акционерлік қоғам таратылған болса да, өзіне тиесілі дивидендтерді төлеу үшін Орталық депозитарийге жүгіне алады.

8. Халықаралық валюта қорының ұсынымдарына сәйкес заңнамалық деңгейде («Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 88-бабының 4-тармағы) **биржалық мәмілелерді жасау қағидаттары бекітілген**, оған сәйкес биржа мәмілесін жарамсыз деп таныған жағдайда тараптардың мәміле бойынша барлық алғандары қайтарылмайды, ал әрекеті мәміленің жарамсыздығын туындатқан кінәлі тарап құқығы бұзылған тұлғаға залалды өтейді.

9. Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы қаңтарда Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысында берген сақтандыру қызметтерін, жаңа қаржы технологияларын, бағалы қағаздар нарығын қоса алғанда, қаржы секторын дамыту жөнінде шаралар кешенін қабылдау жөніндегі тапсырмасын іске асыру үшін Агенттік қаржы нарығымен бірлесіп **Қаржы нарығын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасының жобасын және Қазақстан**

Республикасын дамытудың 2025 жылға дейінгі стратегиялық жоспарын жаңарту шеңберінде «Қаржы нарығын дамыту» бөлімін әзірледі.

Агенттік Ұлттық Банкті және АХҚО-ны қоса алғанда, мемлекеттік органдардың, сондай-ақ қоғамдық ұйымдар өкілдерінің қатысуымен Қаржы нарығын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобын құрды. Тұжырымдама жобасы қазіргі кезде қаржы нарығына қатысушылармен және халықаралық сарапшылармен талқыланып жатыр. Оны 2021 жылдың бірінші тоқсанында Қазақстан Республикасын дамытудың 2025 жылға дейінгі стратегиялық жоспары бекітілгеннен кейін қабылдау жоспарланып отыр.

Бағалы қағаздар нарығын одан әрі дамыту мен интеграциялаудың орта мерзімді перспективаға арналған мынадай басымдықтары айқындалды:

- 1) институционалдық және бөлшек инвесторлардың аясын кеңейту есебінен қор нарығының тереңдігі мен өтімділігін арттыру;
- 2) институционалдық инвесторлардың инвестициялық мүмкіндіктерін кеңейту арқылы қаржы құралдарына деген сұранысты ұлғайту;
- 3) кәсіпкерлік субъектілерінің қаржыландыруды тартудың құралы ретінде бағалы қағаздардың тартымдылығын арттыру;
- 4) тәуекелдерді хеджирлеу мақсатында туынды қаржы құралдарының айналыста болуының құқықтық жағдайларын жетілдіру;
- 5) халық арасында инвестициялық сауаттылықты және брокерлік қызметтер инклюзиясын арттыру;
- 6) қор нарығына шетелдік инвесторларды тарту және Қазақстанның халықаралық қор индекстеріндегі позицияларын арттыру;
- 7) корпоративтік басқару, ақпаратты жария ету және миноритарлық акционерлердің құқықтарын қорғау жүйесін жетілдіру;
- 8) қор нарығын реттеудің халықаралық стандарттарын одан әрі енгізу және қор нарығына қатысушылардың бизнес-процестерін жетілдіру, сондай-ақ пропорционалды реттеу қағидатын кеңінен пайдалану;
- 9) саланың инфрақұрылымын жаңғырту және одан әрі цифрландыру;
- 10) KASE биржасын және АХҚО-ны бірлесіп дамыту арқылы ішкі қор нарығының өтімділігін ықпалдастыру.

10. Агенттік қор нарығы және «Атамекен» ҰКП өкілдерінің қатысуымен сақтандыру нарығы мен бағалы қағаздар нарығын реттеу және дамыту мәселелері бойынша заң жобасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобын құрды.

Бағалы қағаздар нарығын дамыту мәселелері бойынша 2 заңнамалық түзетулер блогы әзірленді.

Қор нарығы жөніндегі **бірінші заңнамалық түзетулер блогы** «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына (бұдан әрі – Экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері жөніндегі заң жобасы) енгізілді және ол ағымдағы жылғы қыркүйекте Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізілді.

Түзетулер қор нарығының тереңдігі мен өтімділігін арттыруға бағытталған және мынадай новеллаларды көздейді:

1) БЖЗҚ зейнетақы активтерінің бір бөлігін инвестициялық портфельді басқарушылардың басқаруына беру есебінен **олардың қор нарығындағы институционалдық инвесторлар ретіндегі рөлін** арттыру;

2) жылжымайтын мүлік қорларын қоса алғанда, **инвестициялық қорлардың инвестициялық мүмкіндіктерін** кеңейту, бөлшек инвесторлардың инвестициялардың ұжымдық схемаларға қатысуын ұлғайту және инвестициялық қорлардың бағалы қағаздарының өтімділігін арттыру;

3) брокерлік лицензиясы бар екінші деңгейдегі банктердің мүмкіндігін кеңейту, өз клиенттеріне **брокерлік қызметтің толық спектрін** ұсыну;

4) **қаржы құралдарының жаңа түрлерін**, оның ішінде және шағын және орта бизнесті қоса алғанда бизнестің борыштық қаржыландыруды тарту бойынша мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында қатысудың клирингтік сертификаттарды енгізу;

5) қатысушылардың шығыстарын оңтайландыру және бағалы қағаздарды есепке алу және олармен жүргізілген операцияларды тіркеу мақсатында номиналды ұстау клиенттерінің қосалқы шоттарына міндетті сегрегация бойынша талаптарсыз **«омнибус» шоттарын енгізу**;

6) қор нарығының **есепке алу-есептеу инфрақұрылымын** Орталық депозитарийдің базасында шетел валютасымен конверсиялық операциялар бөлігінде ол көрсететін қызметтердің тізбесін кеңейту, құжаттамалық қаржы құралдарын сақтау, КЖ/ТҚҚ рәсімдері шеңберінде клиенттерді кросс-идентификаттау, бағалы қағаздармен мәмілелерді жүзеге асыру бойынша биржадан тыс алаңды ұйымдастыру және басқа көрсетілетін қызметтер есебінен дамыту.

Экономикалық өсуді қалпына келтіру жөніндегі заң жобасы Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауында. Ол ағымдағы жылдың соңына дейін қабылданады деп күтілуде.

Қор нарығын дамыту жөніндегі **заңнамалық бастамалардың екінші блогы** «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру нарығы мен бағалы қағаздар нарығын реттеу және дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жобасының (бұдан әрі – Заң жобасы) шеңберінде іске асырылады. Заң жобасы тұжырымдамасын Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия 2020 жылғы 15 тамызда мақұлдады.

Тұжырымдаманы іске асыру үшін Заң жобасы әзірленді, онда мынадай новеллалар көзделеді:

1) **жеке инвесторлардың құқықтарын қорғауды**, сондай-ақ олардың қор нарығындағы белсенділігін арттыру мақсатында **инвестициялық консультация беру** бойынша қызмет көрсету мәселелерін реттеу және инвестициялық консультанттардың жауапкершілігін енгізу;

2) **саланы одан әрі цифрландыруды** қамтамасыз ету және клиенттермен қатынас орнату кезінде оларды қашықтан идентификаттаудың жаңа құралдарын енгізу, бұл брокерлік қызметтердің және қаржы өнімдерінің халық арасына ену деңгейін ұлғайтуға мүмкіндік береді;

3) нарыққа Еуропаның институционалдық инвесторларын тарту үшін кедергілерді төмендету мақсатында кейіннен сыртқы аккредитация ала отырып биржа нарығында **орталық контрагентті** құруды аяқтау;

4) **туынды қаржы құралдарымен** биржадан тыс мәмілелерді жасаудың жалпы қабылданған тәртібін сақтау мақсатында Своптар мен деривативтердің халықаралық қауымдастығының (ISDA) модельдік заңының ережелерін іске асыру;

5) **бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасауға** қарсы іс-қимыл тетіктерін кеңейту.

Заң жобасын Қазақстан Республикасының Парламентіне 2021 жылғы сәуірде енгізу жоспарланып отыр.

11. 2020 жылдың басынан бері Агенттік пен Ұлттық Банктің 22 нормативтік құқықтық актісіне **бағалы қағаздар нарығын цифрландыру және ырықтандыру және рұқсат беру рәсімдерін оңтайландыру мәселелері бойынша** мыналар көзделген өзгерістер енгізілді:

Қабылданған түзетулер мыналарды көздейді:

1) инвесторлардың биометриялық және серпінді идентификаттау құралдары арқылы **қашықтық тәсілімен** брокерлік шарттарды жасауын қоса алғанда, бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыру рәсімдерін **цифрландыру**, бұл эмитенттер мен бөлшек инвесторлардың «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тағы (бұдан әрі – KASE) және АХҚО биржасындағы қызметін **жеңілдетуге және жандандыруға** мүмкіндік береді;

2) бағалы қағаздар нарығына қатысушыларды реттеуді **ырықтандыру**, оның ішінде **мәмілелер жасау рәсімдерін, шетелдік инвесторлар үшін** жеке шоттар ашу тәртібін және қызметтің кәсіби түрлерін және **банк операцияларының** жекелеген түрлерін қатарынан жүргізу тәртібін жеңілдету, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының инвестициялық мүмкіндігін кеңейтеді және KASE-де, сол сияқты АХҚО алаңында **өтімділіктің өсуін** қамтамасыз етеді;

3) шетелдік кәсіби ұйымдармен **өзара іс-қимыл арналарын кеңейту**, оның ішінде IOSCO мүше елдердің орталық депозитарийлері есебінен қазақстандық инвесторлардың активтері сақталатын шетелдік ұйымдардың тізімін кеңейту, сондай-ақ шетелдік клиринг ұйымдарын жіберу мүмкіндігі есебінен KASE-нің шетелдік мүшелерінің тізбесін кеңейту;

4) брокерлердің клиенттермен және контрагенттермен **өзара іс-қимылы** бойынша халықаралық практикада жалпыға бірдей қабылданған талаптарды белгілей отырып, **корпоративтік байланыс құралдары** арқылы **инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғау**;

5) қор нарығындағы рәсімдерді **оңтайландыру**, оның ішінде бағалы қағаздарды шығаруға және айналысқа жіберуге байланысты рұқсат беру рәсімдерін толық **электрондық форматқа** көшіру.

